

УДК 77.31.11

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СТУДЕНТТІК СПОРТТЫҢ ДАМУЫ МЕН УНИВЕРСИАДА ЖЕТІСТІКТЕРІ**

**Зулхажы Ахтанберди**

[axtanberdy1228@mail.ru](mailto:axtanberdy1228@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3 курс  
студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Тұңғышмұратова

Студенттік спортқа бүгін көңіл аудару – ол болашақтағы халық денсаулығының кепілі болатындығы сөзсіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі халыққа жолдауында өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне ерекше назар аударуға шақырған болатын [1]. Студенттік спорт – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алушылардың дене тәрбиесіне, оларды спорттық іс-шараларға қатысуға даярлауға бағытталған дене шынықтыру мен спорттың бір бөлігі ретінде қарастырылады [2]. Студенттік спорттың негізі мақсатты - жоғарғы оқу орындарында білім алатын жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спорт түрлерін дамыту, студенттердің бос уақыттарын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасау, студенттердің денсаулығын сақтау және жақсарту, жоғарғы жетістікке спортшыларды дайындау.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарына сапалы білім берумен қатар студент жастардың дене шынықтыру даярлығын жетілдіру міндеті де қойылған. Осы бағытта студенттерді дене тәрбиесі мен бұқаралық-спорттық іс-шараларға тарту және олардың денсаулық жағдайын бақылауды ұйымдастыру шаралары күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Университетте «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы оқу жоспары мен мемлекеттік бағдарламаға сәйкес студенттердің дене тәрбиесі бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен өткізуге тікелей жауапты болып табылады. Сондай-ақ,

бұқаралық сауықтыру, дене шынықтыру және спорт жұмыстарын университет жанындағы спорт клубы дене шынықтыру және спорт кафедрасымен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырады. Студенттік спорт клубтары қызметінің жоғары жетістіктер спортында резервтер даярлау мен жастар арасында спорт мәдениетін, салауатты өмір салты құндылықтарын насихаттауда маңызы өте зор. Қазіргі уақытта студент спортшылардың спорттан қол үзбеуі үшін университетте көптеген спорт түрлерінен үйірмелер ұйымдастырылу жолға қойылған. Бұл ретте Л.Н. Гумилева атындағы ЕҰУ-дағы Спорт клубы мен ондағы жұмыс жасайтын спорттық үйірмелер қызметін мысал ретінде айтуға болады. Онда жазғы және қысқы спорт түрлерінен студент жастарға арналған спорт үйірмелері оқу жыл бойы жұмыс жасайды.

Жалпы студенттік спорттың тарихы ХІХ ғасырда АҚШ-тан бастау алады. Студенттер арасындағы алғашқы жарыстар 1905 жылдардан бастап ұйымдастырыла бастады. Бұл өз кезегінде студенттік спорт қауымдастығын құру керектігін көрсетті және сол жылы, яғни 1905 жылы АҚШ-та «Студенттік спорт қауымдастығы» құрылды.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін студенттік спорт жалпы сипатта болды. Өзінің қызметін 1920 жылдан бастап атқарып келе жатқан ұйым тек соғыстан кейін 1949 жылы ресми түрде «Халықаралық студенттік спорт федерациясы» (FISU) болып құрылды, оның бастамашысы қазіргі Олимпиада ойындарының негізін қалаушы барон Пьер де Кубертэн болатын. Әлемдік деңгейде студенттік спортты дамытуды жүзеге асыратын және студенттер арасындағы әлем чемпионаттары мен Дүниежүзілік универсиада ойындарын ұйымдастыратын «Халықаралық студенттік спорт федерациясының» құрамына қазіргі таңда 171 мемлекет кіреді.

Дүниежүзілік алғашқы студенттер арасындағы жарыс 1959 жылы Италияның Турин қаласында ұйымдастырылды. Осы жарыста студенттік спортқа «Универсиада» атауы беріліп, ортасында үлкен«U» әрпі мен бес түсті бес жұлдыз белгілеген туын жарыққа шығарды, ондағы бес түсті бес жұлдыз 5 құрлықты білдіреді. Дүниежүзілік универсиада – әртүрлі спорт түрлері бойынша студенттер арасында өткізілетін кешенді халықаралық қысқы және жазғы жарыстар [3]. Олимпиададан кейін Универсиада өз ауқымы мен маңызы бойынша әлемде екінші орынға ие, өйткені ол жас дарынды спортшыларға олимпиадалық және әлемдік ауқымдағы спорттық даңқ, әлемдік спорт жетістіктерінің биіктеріне жол ашады.

Жазғы Универсиада бағдарламасында ресми бекітілген спорттың 9 тұрақты түрі бар, олар: жеңіл атлетика, спорттық гимнастика, жүзу, семсерлесу, су добы, суға секіру, теннис, волейбол және баскетбол. Оныншы спорт түрін таңдау құқығы Универсиаданы ұйымдастырушы елге беріледі, яғни FISU атқарушы комитетінің рұқсатымен, қабылдайтын ел бағдарламаға елдегі ең дамыған спорттың белгілі бір түрлерін енгізе алады. Қысқы универсиадаларда спорттың алты міндетті түрі ұсынылған: шаңғы, тау шаңғысы, хоккей, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, биатлон. Жетінші спорт түрін ұйымдастырушы ел таңдайды.

Студенттік спорт 1923 жылдан 1960 жылға дейін тек жазғы спорт түрінен ғана ұйымдастырылып келді. Ал, 1960 жылы тұңғыш рет қысқы спорт түрлерінен халықаралық студенттік жарыс Францияның Шамони қаласында ұйымдастырылды. Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынды Франция, екінші орынды КСРО иеленді.

Универсиада ойындары екі жылда бір рет өткізіледі және оған оқу орындарында білім алатын, жасы 18-28 жас аралығындағы студенттер қатыса алады. Универсиадада әр студент өз елінің намысын қорғауға тиісті, оның басқа мемлекеттің оқу орнында білім алуы жарысқа қатысуға кедергі келтірмейді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап студенттік спорт саласының дамуына кең көлемде назар аударыла бастады. 1992 жылы алғаш рет Қазақстан Ұлттық студенттер спорт одағы құрылды. 2001 жылы Ұлттық студенттік спорт одағы, Университеттердің ұлттық спорт одағына айналды және сол жылы Халықаралық студенттік спорт федерациясының (FISU) мүшелерінің қатарына қабылданды. Қазіргі таңда Қазақстан

Республикасының студенттік спорт Федерациясы Заңды тұлғалар бірлестігі ретінде қайта тіркелді және бұл қадам Федерация қызметін кеңейтуге байланысты қажет болды. Жаңа Жарғыға сәйкес, ҚР барлық жоғары оқу орындары, оның ішінде ҚР студенттік спорт Федерациясына мүше болып табылатындары, Дүниежүзілік қысқы және жазғы Универсиадаға, студенттер арасындағы әртүрлі спорт түрлері бойынша Әлем чемпионаттарына, Азия чемпионаттарына, Дүниежүзілік студенттік лигаларға және FISU желісі бойынша халықаралық білім беру форумдарына қатысуға құқылы [4].

1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасының студенттік құрама командалары Дүниежүзілік Универсиадаларға қатыса бастады. Сол жыл, яғни, 1993 жылы тұңғыш рет қатысқан жазғы универсиада ел қоржынына алғашқы, бірінші күміс медальді үш қарғып секіру спортынан Олег Сакиркын салған болатын. Одан кейінгі универсиада ойындарында еліміз студенттік спорт жетістіктерінен шет қалған емес. Қазақстандық студент-спортшылар қысқы және жазғы универсиада ойындарына тұрақты қатысып келеді. Бастапқы жылдарда студенттер арасындағы универсиада ойындарындағы жетістіктер айтарлықтай деңгейде болмады. Бұл жағдайдың негізгі себептеріне спорттық инфрақұрылымдардың жеткіліксіздігі мен студенттік спорттың насихатталуы аз болуын айту болады. Сондай-ақ, бастапқы кезеңдерде еліміздің намысын қорғайтын студент спортшылар саны да аз болатын. 90-шы жылдар ішіндегі еліміздегі орын алған көптеген реформалық өзгерістер спорт саласына да өз ықпалын тигізді.

Еліміздің студент споршыларының жазғы универсиада ойындарындағы ең жоғарғы жетістігі 2007 жылғы Тайландтың Бангкок қаласында ұйымдастырылған универсиада ойындарында көрініс тапты, яғни 5 алтын, 4 күміс, 7 қола медаль иеленіп жалпы командалық есепте 11-ші орынға табан тіреген болатын және 2015 жылы Кореяның Кванджу қаласында ұйымдастырылған универсиада ойындарында 6 алтын, 4 қола медальмен жалпы командалық есепте тағы да 11-ші орынды иеленді. Ал, ең төменгі көрсеткіш 2011 жылы Шыңжаңда ұйымдастырылған универсиада ойындарында тіркеліп, сол универсиада еліміздің студент спортшылары 3 күміс, 3 қола алып жалпы командалық есепте 44-ші орында тұрды. Тәуелсіздік алған 30 жыл ішіндегі студенттік спорттың жазғы универсиада ойындары бойынша жалпы командалық көрсеткіш ең биік межесі 11 орын болып тұр.

Салыстырмалы түрде жазғы спорт түрлері бойынша еліміздің 11-ші орынға табан тіреуі жаман көрсеткіш емес, әлемнің дамыған алпауыт елдерімен тереземіз тең дәрежеде деуге толықтай болады. Кеңес Одағынан шыққан елдердің арасында жазғы универсиада ойындарында Қазақстан мен Әзербайжаннан басқа елдер сол деңгейге жете алған жоқ, тіпті кейбір елдің универсиадада қол жеткізген бірде-бір медальдері жоқ. Ал, біздің студенттік спорттың 2000 жылдан бергі нәтижелерін саралайтын болсақ, еліміз қатысқан барлық универсиада ойындарында спортшылар жүлдесіз бос қайтпағандығын байқаймыз (1-кесте).

<b>Жылы</b>	<b>Алтын</b>	<b>Күміс</b>	<b>Қола</b>	<b>Өткен жері</b>
1993	0	1	0	Буффало (АҚШ)
1995	0	2	0	Фукуока (Жапония)
1997	0	0	0	Сицима (Италия)
1999	0	0	0	Пальма-да-Майорка (Испания)
2001	0	3	0	Пекин (Қытай)
2003	2	4	0	Дегу (Корея)
2005	1	2	6	Измир (Түркия)
2007	5	4	5	Бангкок (Тайланд)
2009	1	2	4	Белград (Сербия)
2011	0	3	3	Шыңжаң (Қытай)
2013	3	11	16	Казань (Россия)
2015	6	0	4	Кванджу (Корея)

2017	3	2	9	Тайпей (Тайвань)
2019	1	5	1	Неаполь (Италия)
<b>Барлығы</b>	<b>22</b>	<b>39</b>	<b>48</b>	<b>109</b>

### 1-кесте. Қазақстанның жазғы универсиада ойындарында алған медальдар саны

Жазғы универсиада да қысқы универсиада ойындарына қарағанда бәсекелестік жоғары. Мысалы, қысқы универсиадаға көп елдер қатыса алмайды. Себебі, климаттық жағдайы қысқы спорттың дамуына мүмкіндік бермейтін елдер бар. Ал жазғы спорт түрлері бойынша әлемнің барлық мемлекеттер спортшыларының спорттық әлеуеті жоғары деуге келеді. Ал, біздің елімізде кез келген спорт түрін дамытуға географиялық, климаттық, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың зор мүмкіндіктері бар.

Қысқы универсиада ойындарында еліміздің студент спортшылары нәтижелі өнер көрсетіп келеді (2-кесте). Қысқы спорт түрлерінен 2017 жылы Алматы қаласында ұйымдастырылған XXVIII қысқы универсиада ойындарында еліміз жалпы командалық есепте Ресейден кейін 11 алтын, 8 күміс, 17 қола, жалпы жиыны 36 медальмен 2 – орынға табан тіреген болатын. Бұл еліміздің тәуелсіздік алғалы қысқы универсиада да көрсеткен ең жоғарғы көрсеткіші. Бұған дейін 2015 жылы Испанияның Гранада қаласында ұйымдастырылған XXVII қысқы универсиада ойындарында жалпы командалық есепте 5 алтын, 6 күміс медальмен 3 орынға ие болған.

Жылы	Алтын	Күміс	Қола	Өткен жері
1993	0	1	0	Закопан (Польша)
1995	2	0	1	Хака (Испания)
1997	0	0	0	Муджу (Корея)
1999	0	0	0	Попрад (Словакия)
2001	0	0	0	Закопан (Польша)
2003	2	2	1	Тарвизио (Италия)
2005	4	1	2	Инсбурк (Австрия)
2007	2	1	2	Турин (Италия)
2009	0	0	0	Харбин (Қытай)
2011	1	0	5	Эрзурум (Түркия)
2013	2	2	1	Трентино (Италия)
2015	5	6	0	Гранада (Испания)
2017	11	7	16	Алматы (Қазақстан)
2019	0	4	3	Красноярск (Россия)
<b>Барлығы</b>	<b>29</b>	<b>24</b>	<b>31</b>	<b>84</b>

### 2-кесте. Қазақстанның қысқы универсиада ойындарында алған медальдар саны

Еліміз тәуелсіздік алған 30 жылда ұйымдастырылған 14 жазғы универсиада ойындарында 22 алтын, 39 күміс, 48 қола - барлығы 109 медальға, ал, қысқы универсиада ойындарына қатысып 29 алтын, 24 күміс, 31 қола - барлығы 84 жұлде ұтып алғандығын жоғарыда берілген кестелерден көруге болады.

Қазақстанда студенттік спортқа ерекше көңіл бөлгендігінің айқын көрінісі ретінде Кеңес Одағынан шыққан елдер арасында тұңғыш ел болып қысқы универсиада ойындарын өткізуін атап кетсек болады. Бұл – мемлекет тарапынан спортты дамытуды қолдаудың жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Өз елінде ұйымдастырылған жарыс мол тәжірибе мен артықшылықтар беретіні және сол спорт түрлерінің қарқынды дамуына үлкен үлесін тигізетіні анық. Елімізде өткен дүниежүзілік универсиададан кейін елімізде қысқы спорттың дамуына жаңа мүмкіндіктер ашыла бастады, жана нысандардың пайда болуы,

бұрынғы спорт кешендерінің күрделі жөндеуден өтуі спортшыларға жоғарғы жетістікке жетуге және жас спортшылардың жоғарғы деңгейде дайындалуларына зор мүмкіндіктер берері сөзсіз.

Елімізде студенттік спорттың дамуы деңгейі жақсы динамикалық сипатта болғанымен оның насихатталуы көңіл толарлықтай емес. Өйткені, еліміздегі универсиада чемпиондарын білетін адамдар аз, тіпті кейбірін танымайды деуге де болады. Ел намысын байрақты бәсекеде қорғап жүрген студент спортшыларды мадақтау сол спорттың дамуына, насихатталуына, болашақ чемпиондарға үлгі болатындығына сенім мол. Универсиада ойындарында жас спортшылар жүлделі орындардан көрінуі үшін елімізде студенттік спорты жоғары деңгейде насихаттау, студент жастарды барынша спортқа тарту, спортшыларға оқу орны тарапынан жан-жақты жағдайлар жасалып, нақты қолдаулар көрсетілуі және спорт түрлері бойынша ұйымдастырылатын ішкі біріншіліктерде бәсекелестікті жоғары деңгейге көтеру қажет деп есептейміз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий» -Нур-Султан, 1 сентября 2020 года
2. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.- 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ.
3. <http://fisu.net>
4. <http://fnsu.kz/o-nas-u79>